

**«Жосалы орта мектеп – бала бақшасы» КММ-нің қызметкерлері мен оқушыларына
арналған ішкі еңбек тәртібінің ережелері**

2018-2019 оку жылы

I. Жалпы ережелер.

1. «Жосалы орта мектеп – бала бақшасы» ММ-нің еңбек тәртібі ҚР зандарына сәйкес әкімшіліктің ұсынымы бойынша мектептің педагогикалық қызметкерлерінің кеңесімен бекітілген ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен анықталады.
2. Ишкі еңбек тәртібінің ережелері мектеп ұжымы жұмысының нақты уақыт тәртібін ұйымдастырады, қалыпты жұмыс істеуге, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді, еңбек тәртібін нығайтады, қызметкерлерге жайлы ішкі ахуал жасайды.
3. Ишкі тәртіп ережесін қолдануға қатысты барлық сұрақтар, берілген құқықтары шегінде мектеп әкімшілігімен, сондай-ақ қүшіне енген заңнамалдармен, кәсіподақ комитетімен бірге немесе келісіліп шешіледі.

Қысқаша сипаттама:

1. Мекен-жайы: Жосалы ауылы, Мектеп көшесі, 13
а) Телефон: 8(71342) 26-5-08, 26-5-09
б) Электрондық поча: gosalasad@list.ru
2. Типтік ғимарат, жобалық қуаттылығы 320 оқушы.
Мектепте 105 оқушы білім алады.
Мектепалды дайындықпен – 13 бала қамтылды.
Сынып бөлмелері 11, пән бойынша оқу кабинеттері 11.
3. Мектеп аумағанды спорт алаңы бар
4. 2017-2018 оку жылындағы сынып саны - 21\ класс комплект- 14
1-4 сыныптар – 7/ класс комплект - 5
5-11 сыныптар - 14/ класс комплект - 9

Оқу аудиосымы

Мектеп екі аудиосымда жұмыс істейді:

I аудиосым: 75 оқушы - барлығы 14 сынып

II аудиосым: 30 оқушы - барлығы 6 сынып

I аудиосымның қоңырау кестесі:

Бірінші сабак: 8.00- 8.40.

Екінші сабак : 8.45-9.25.

Үшінші сабак: 9.30-10.10

Төртінші сабақ: 10.25 – 11.05

Бесінші сабақ: 11.10 - 11.50

Алтыншы сабақ: 11.50 -12.35

Жетінші сабақ: 12.40- 13.20

Сегізінші сабақ: 13.25 -14.05

II аудиосымның қонырау кестесі

Бірінші сабақ: 14.20-15.00

Екінші сабақ : 15.05-15.45

Үшінші сабақ: 15.50-16.30

Төртінші сабақ: 16.45- 17.25

Бесінші сабақ: 17.30-18.10

Алтыншы сабақ: 18.15-18.55

Жетінші сабақ: 19.00- 19.40

Сегізінші сабақ: 19.45-20.25

1. Қыс мезгілінде және төтенце жағдайлар кезінде қонырау кестесі өзгеруі мүмкін.

Оқу мезгілі және мейрамдар:

3. I тоқсан: 01.09. -30.10.

II тоқсан: 07.11- 30.12.

III тоқсан: 09.01 -20.03.

IV тоқсан: 03.04.-25.05.

4. Мейрам күндері

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні

16 желтоқсан –ҚР Тәуелсіздік күні

1-2 қантар – Жаңа жыл

8 наурыз –Халықаралық әйелдер күні

21,22 наурыз – Наурыз мейрамы.

1 мамыр- ҚР халықтарының бірлігі күні

9 мамыр - Жеңіс күні

6 шілде- Астана күні

30 тамыз- ҚР Конституция күні

Жұмыс күндері:

1. Аптасына - 6

Жұмыс уақыты

1. 8.00-13.00, 14.-18.00

2. Директордың орынбасарлары:

А) оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: 8.00-13.00, 14.00-18.00

Б) тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: 8.00-13.00, 14.00-18.00

В) шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары: 9.00-013.00, 14.00-18.00

Г) психолог: 8.00-13.00, 14.00-18.00

Д) медициналық қызметкерлер: 9.00-013.00, 14.00-18.00

II. Балаларды қабылдау мен босатудың тәртібі.

1. Балаларды мектепке қабылдау тәртібі 2012 ж. 19.01. ҚР Үкіметімен бекітілген «Жалпы орта білім беретін бастауыш, негізі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына білім алуға қабылдау бойынша типтік ережелері туралы» №127 Қаулысына, басқа да ММ балаларды қабылдауды реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

2. Балаларды мектепке қабылдау туу туралы күелігі, баланың медициналық картасы, ата-анасы құжаттары қабылданғандығы жөнінде растау беріліп, бекітілген үлгідегі журналға тіркеліп, ата-анасының өтініші болған жағдайда ғана жүргізіледі.

3. Бірінші сыныпқа қабылданатын балалардың ата-аналарының (занды өкіл) өтініштері ереженің 2.5 бөлімінің негізінде қабылданады.

4. Оқушылар 10- сыныпқа келесі құжаттар негізінде қабылданады:

Ата-анасының өтініші;

Негізгі мектепті аяқтағанды жөніндегі күеліктері.

«Жосалы орта мектеп-бала бақшасының» ММ –нің Жарғысымен;

Білім беру қызметін жүргізу құқығының лицензиясымен және оның қосымшаларымен;

1. Білім алушы өтініш берегнен кейін 2 қун көлемінде директордың бұйрығымен мектепке қабылданады.

2. Оқушыларды 1-ші және 10-ші сыныптарға қабылдау туралы бұйрық ағымдағы жылдың 30- тамызынан кешіктірілмей шығарылады.

3. Баланы мектепке қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін, оқушы алфавиттік кітапқа тіркелді.

4. Бекітілген жеке талаптарына сәйкес әр оқушыға оқушының жеке картасы рәсімделеді. Жеке картаның номері алфаттік кітапқа тіркелген оқушылардың нөміріне сәйкес беріледі.

5. Оқушының босатқан кезде де алфавиттік кітапқа кеткен орны мен себебі көрсетіліп, тиисті жазба енгізіледі.

6. Оқушылардың жеке карталары мектепте сақталады. Оқушылар басқа білім беру мекемесіне ауысқан кезде жеке ата-анасының жазбаша өтініші бойынша беріледі.

7. Оқушылар бір мектептен келесі мектепке оқу жылының барысында аудиасын болса, ереженің 2.5 бөлімінде көрсетілген құжаттардан басқа директордың қолымен және мектеп мөрімен расталған оқушының үлгерім мәліметі қоса беріледі.

8. Мектепке білім алу деңгейіне сәйкес құқығы бар азаматтар қабылданады. Оқушыларды негізсіз мектепке қабылдауға немесе балаларды мектепке байқау негізінде алуға жол берілмейді.

9. Оқушыларды мектептен босату/ шығару.

Оқушыларды мектептен шығару тек ҚР «Білім туралы» Заңының негізінде жүргізіледі.

10. Оқушы басқа білім беру мекемесіне аудиасына байланысты шығарылған жағдайда, жалпыға міндетті білім беру туралы заңнамасын сақтау үшін қадағалау жүргізу мақсатында ата-анасы құжаттарын тапсырынан соң мектепке қабылданатының растайтын анықтама әкелуге тиісті.

III. Қызметкерлерді қабылдау, аудистыру және жұмыстан босату тәртібі.

1. Қызметкерлер өзінің еңбек ету құқығын мектепте жұмыс істеу туралы жазбаша түрде жасалған еңбек шарты арқылы жүзеге асырады. Еңбек шарттың қызмет ету мерзімі қызметкер мен директордың еңбек шартын жасау мезгілінде анықталады және ол: шектеусіз мерзімге; бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге; уақытша белгілі бір жұмысты орындау; жұмыста уақытша болмаған қызметкерді аламастыру кезеңіне жасалады.

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 36 бабына сәйкес еңбек шартын жасау кезінде екі жақтың келісімімен қызметкердің еңбек шартындағы жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатымен сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Сынақ мерзімі үш айдан аспауы керек. Жұмысқа қабылдау кезінде:

- тиісті лауазымға орналасуға конкурс бойынша жұмысқа қабылданатын адамдарға;
- орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелерін бітірген және алған мамандығы бойынша жұмысқа алғаш кіретін адамдарға, бірақ оларды бітірген күннен бастап бір жылдан кешікпей кіретін адамдарға;
- мүгедектерге сынақ мерзімі белгіленбейді.

Еңбек шарты бір жылдан кем емес мерзімге уақытша белгілі бір жұмысты орындау мезгіліне; жұмыста уақытша болмаған қызметкерді аламастыру жағдайларында жасалады. Бұрын жасалған еңбек шарты ұзартылған, қайта жасалған жағдайларда оның мерзімі шектеусіз болады.

2. Жұмысқа қабылдау кезінде мектеп әкімшілігі төмендегі құжаттарды талап етуге құқылы:

- жеке куәлігі немесе паспорты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін туу туралы куәлігі) қажет.

Оралмандар халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдары берген оралман куәлігін ұсынады;

- ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін) не босқын куәлігі;

- тиісті білімді, дағылар мен машиқтарды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі,

біліктілігі туралы, арнаулы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат;

- еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);

- әскери есеп құжаты (әскери міндеттілер мен әскери қызметке шақырылуға жататын адамдар үшін);

- алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат (осы Кодекске және Қазақстан

дене тәрбиесі және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласында еңбек шартын жасасқан кезде сottылығының бар не жоқ екендігі туралы анықтама қажет.

Аталған құжаттар ұсынылмай жұмысқа қабылдауға жол берілмейді.

3. Жұмысқа қабылдау жасалған еңбек шарты негізінде мектеп әкімшілігі шығарған бүйрықпен ресімделеді. Бүйрық үш күн мерзім ішінде қызметкерге жазбаша түрде таныстыралады. Онда жұмыстар мен мамандықтардың бірыңғай тарифтік біліктілік анықтамаларына, қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамаларына, педагогикалық қызметкерлердің ведомствовалық сипаттамаларына немесе штаттық кестеге және жалақы төлеу жағдайына сәйкес атаулар мен лаузымдар көрсетілуі тиіс. Қызметкердің талабы бойынша жұмысқа қабылдау жөніндегі бүйрықтың көшірмесі оның қолына беріледі.

Еңбек шарты екі тарап қол қойғаннан немесе онда көрсетілген күннен бастап күшіне енеді. Қызметкерді жұмысқа қабылдау немесе белгіленген тәртіп бойынша басқа жұмысқа ауыстыру кезінде мектеп әкімшілігі мәнедегідей міндеттеме алады:

- а) қызметкерді тапсырылған жұмыспен таныстыру, еңбек жағдайы мен ақысы, лауазымды міндеттемелерге сәйкес оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;
- б) жарғымен, ұжымдық шартпен, ішкі еңбек тәртіп ережесімен таныстыру;
- в) еңбек қорғау мен еңбек қауіпсіздігі, өндірістік санитария мен гигиена, өрт қауіпсіздігі және балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды ұйымдастыру бойынша инструктаж өткізу. Инструктаж белгіленген нысан бойынша толтырылады.

4. Еңбек кітапшаларының нысанын, оларды жүргізу және сақтау қагидалары негізінде барлық қызметкерлерге еңбек кітапшасы толтырылады.

Қызметті қоса атқару түрінде жұмыс атқаратын қызметкерлердің еңбек кітапшалары негізгі жұмыс орнында жүргізіледі.

Мектеп басшысының еңбек кітапшасы қалалық /аудандық/ әкімшілігінде білім бөлімінде сақталады, ал басқа қызметкерлердің еңбек кітапшалары мектепте сақталады.

5. Мектептің әр қызметкеріне жеке іс жүргізіледі және онда келесі құжаттар қамтылады:

- кадрлар есебінің жеке парағы;
 - өмірбаян;
 - білім туралы құжаттардың көшірмелері;
 - аттестациялаудың қортындысы бойынша материалдар;
 - біліктілік санатының берілуі туралы күзілкітің көшірмесі;
- к санатының берілуі туралы күзілкітің көшірмесі;
- жұмысқа тағайындау мен босату, ауысу және сыйы ақы беру туралы бүйрықтардың көшірмелері;
 - берілген барлық түрдегі демалыстар туралы бүйрықтардың көшірмелері.

Мектеп басшысының жеке ісі қалалық /аудандық/ әкімияттың білім бөлімінде сақталады, басқа қызметкерлердің жеке істері мектепте сақталады.

Қызметкер жұмыстан босағаннан кейін, оның жеке ісі аудандық /қалалық/ әкімияттың білім бөлімінде болмаса мектепте сақталады.

Қызметкердің жеке мәліметтерінің қорғалуы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 5 тарауының талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

6. Еңбек шарты тек қана заңдылықта көзделген негіздер бойынша тоқтатылады.

Қызметкер әкімшілікті бір ай бұрын жазбаша түрде ескерте отырып, егер еңбек немесе ұжымдық шартта өзге жағдайлар айтылмаған болса, белгіленбеген мерзімге жасалған еңбек шартын бұза алады.

Қызметкерлер еңбек шартын қолданыстағы заңдылықта көзделген себепті жағдайлармен бұзған жағдайда, әкімшілікті жазбаша түрде ескертеді. Ескертуде көрсетілген мерзім аяқталғаннан соң, қызметкер жұмысты тоқтатуға құқылы.

Қызметкер мен әкімшілік арасында жасалған еңбек шарты жұмыстан босату туралы ескерту мерзімінің аяқталуына дейін бұзылуы мүмкін. Қызметкердің науқастану

немесе мүгедектікке ұшырау нәтижесінде жұмысты атқаруға кедергілер туындаған жағдайда, әкімшілік тарапынан еңбек зандылығы бұзылғанда және өзге де себептерге байланысты, қызметкердің талабы бойынша, мерзімді еңбек шарты мерзімнен бұрын бұзылуға жатады.

Зандылықта көзделген өзге жағдайлардан басқа, әкімшілік бастамасымен, мектептің кәсіподақ ұйымының келісіміз, еңбек шартының бұзылуына жол берілмейді.

Еңбек шартының тоқталуы мектеп бойынша шығарылатын бұйрықпен рәсімделеді.

Мектеп директорын жұмыстан оны тағайындаған орган босатады.

7. Еңбек шарты тек қана зандылықта көзделген негіздер бойынша тоқтатылады.

Қызметкер әкімшілікті бір ай бұрын жазбаша түрде ескерте отырып, егер еңбек немесе ұжымдық шартта өзге жағдайлар айтылмаған болса, белгіленбеген мерзімге жасалған еңбек шартын бұза алады.

Қызметкерлер еңбек шартын қолданыстағы зандылықта көзделген себепті жағдайлармен бұзған жағдайда, әкімшілікті жазбаша түрде ескереді.

Ескертуде көрсетілген мерзім аяқталғаннан соң, қызметкер жұмысты тоқтатуға құқылы.

Қызметкер мен әкімшілік арасында жасалған еңбек шарты жұмыстан босату туралы ескерту мерзімінің аяқталуына дейін бұзылуы мүмкін.

Қызметкердің науқастану немесе мүгедектікке ұшырау нәтижесінде жұмысты атқаруға кедергілер туындаған жағдайда, әкімшілік тарапынан еңбек зандылығы бұзылғанда және өзге де себептерге байланысты, қызметкердің талабы бойынша, мерзімді еңбек шарты мерзімнен бұрын бұзылуға жатады.

Еңбек шартының тоқталуы мектеп бойынша шығарылатын бұйрықпен рәсімделеді.

IV.Жұмыскердің міндеттері.

3.1 Адал жұмыс істеуге, еңбек тәртібін сақтауға, әкімшілік өкімдерін өз мерзімінде орындауға.

3,2 Ішкі еңбек тәртібі ережелері мен тиісті лауазымдық міндеттерін орындауға.

3,3Ә біліктілігін жүйелі арттыруға.

3,4 Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау.

3,5 Белгіленген мерзімде медициналық тексеруден өтуге, санитарлық нормалар мен ережелерді, еңбек гигиенасын сақтауға.

3,6 Ұжымды этикалық жүріс – тұрыс нормаларын сақтауға, тәрбиеленушілердің ата – аналарымен қарым қатынас жасау кезінде зейінде әрі ықыласты болуға.

3,7 Белгіленген құжаттаманы өз уақытында толтыру мен жүргізуге міндетті.

Еңбек тәртібін бұзу жауапкершілігі.

Еңбек тәртібін бұзғандығы үшін келесі шаралар қолданылады.

- ескерту;

- сөгіс;

- қатаң сөгіс;

жұмыстан босату.

Тәртіплік жазалау шараларын балабақша басшысы жұмыскерлерді қабылдау мен босату бойынша өзіне берілген құқығы арқылы қолданылады.

Тәрбиелік функцияларды атқару болып табылатын педагогикалық жұмыскерлер еңбек заңнамасына сәйкес бейнедеп әрекеттерге мыналар жазылады;

- балаларға қол көтеру;

- қоғамдық тәртіпті бұзу;

- педагог мәртебесіне мүлдем сай келмейтін өзгеге де мораль нормаларын бұзу әрекеттері.

Ішкі еңбек тәртібі ережелері балабақшаның барлық қызыметкерлеріне міндетті түрде сақтауға тиіс құжат болып табылады.

V.Әкімшіліктің негізгі міндеттері:

Мектеп әкімшілігі міндетті:

- жұмыскерлердің еңбегін дұрыс үйымдастыру, әр жұмыскерге сәйкес жұмыс орнын бекіту, еңбектің қауіпсіз шартын жасау;
- сабақта қатысу және сабакты талдау барысы, әкімшілік бақылау жұмыстарын жүргізу және т.б., сабак кестесін сақтау, оқу бағдарламаларын, жоспарларын, құнтізбелік кестесі орындау арқылы білім беру сапасын қадағалау жүргізуге.
- еңбек тәртібін қатаң түрде сақтауды қамтамасыз ету. Оны бұзушыларға қатаң жаза қолдану;
- жұмысқа маскүнем жағдайда келген жұмыскерлерді жұмысқа жібермеу және ҚР 31 бабына сәйкес шаралар қолдану;
- оқу-тәрбиелеу процесін жетілдіру;
- жұмыскерлердің кәсіби деңгейін жогарлатуына жағдай жасау;
- мектепті керекті жабдықтар және шаруашылық құралдармен қамтамасыз етуде шаралар қолдану;
- еңбек, еңбек қорғау ережелері туралы заңдарды орындау, еңбек ету жағдайын жақсарту;
- өмір мен денсаулықты қорғауды қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;
- мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;
- асхана арқалы ыстық тамақпен азықтануды үйымдастыру;
- бекітілген мерзімде еңбек ақыны беру;
- жұмыскерлердің мұқтаждарына қайырымдылықпен қарау, бекітілген жеңілдіктер беруге қамтамасыз ету;
- жұмыскерлерді көтермелеге жағдай жасау.
- мектепте және шараларға қатысқан кезде оқушылардың өмірі мен денсаулығын сактандыруға әкімшілік бақылау үйымдастырады.

VI. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

1. Білім алушылар Қазақстан Республикасының лайықты азаматы және өз Отанының патриоты болуға тырысуы қажет. Білім алушылар өздерін адал және лайықты ұстайды, өзара және үлкендер арасындағы қарым-қатынаста әдеп пен өнеге талаптарын сақтайды, өзінде шығармашылық тұлғаның жақсы қасиеттерін дамытуға тырысады.
2. Білім алушылар өздерінің құрдастары мен үлкендерге құрметпен қарауы тиіс, айналасындағыларға дөрекілік көрсетпейді және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға алушылық білдіреді, мүмкіндігінше оларды қорғайды.
3. Білім алушылар адалдықтың, мәдениеттілік пен әдептіліктің үлгісі болып табылады, азғындықтың көрінуіне төзбейді және жыныстық, ұлттық немесе діни белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді.
4. Білім алушылар салауатты өмір салтын қолдайды және зиянды әдеттерден толығымен бас тартады.
5. Білім алушылар білім беру мекемесінің тәртібін құрметтеуі, оның мүлкін ұқыпты ұстап, тазалық пен тәртіпті қадағалауы қажет.

6. Білім алушыларға білім беру мекемесінің аумағына кез келген мақсатта қару, жарылғыш немесе өртенгіш заттар, газды шынылар, спирттік сусындар, темекілер, есірткілер, тағы да басқа есендірететін немесе улы құралдар, оқу қызметіне қатысы жоқ және айналасындағы адамдардың денсаулығына зақым келтіретін заттар алып келуге тыйым салынады.

6.1. Білім беру мекемесінің аумағында темекі шегуге тыйым салынады;

6.2. Әдепсіз сөздер мен қылықтар қолдануға тыйым салынады. Білім алушылар ара қатынасты анықтау үшін ешқашан физикалық (дене) күш көрсетпейді және дөрекі сөздер қолданбайды. Дене күшін көрсету адамның абыройын қорлайды және аталған әрекетке үзілді-кесілді тыйым салынады.

7. Білім алушылар шығармашыл белсенділікті дамытуға (ғылыми-білімді, спорттық, көркемдік және т.б.), бірлескен мәдениет пен білім беру үйіміндең беделін көтеруге бағытталған әртүрлі әрекеттің қажеттілігі мен пайдалы екендігін мойындауы қажет.

8. Білім беру мекемесінен тыс жерде білім алушылар сол білім беру мекемесінің өкілі болып табылатындығын әрқашан есте сақтауы тиіс және оның абыройы мен беделін түсіріп алмау үшін барлық күшін салып әрекет етуі қажет.

9. Білім алушылар білімді бақылау шаралары (мәнжазбалар, курстық, бақылау, дипломдық және басқа жұмыстар) барысында өз еңбегінің нәтижесінің сапасын көшіру немесе басқа тұлғалардан, Интернет-ресурстарды қоса алғанда көмек сұрау; жоғары баға алу үшін туысқандық немесе қызметтік байланыстарды қолдану; қыдыру, кешігу және дәлелсіз себептермен сабак жіберу сынды академиялық жат қылықтардың барлық түрлерімен күресуі қажет.

10. Аталған Ереже білім беру мекемесінің барлық білім алушыларымен міндетті түрде сақталуы тиіс.

Оқушылардың мінез-қылыш өрежелері.

Тәртіп мақсаты - әр оқушының табысты оқуын қамтамасыз ету, адамды және оның құқығын құрметтеуге тәрбиелеу, тәртіп мәдениетіне және қарым-қатынас дағдысын дамыту.

I. Мінез-құлыштың жалпы өрежесі:

1.1. Оқушылар мектепке сабактың басталуына дейін 10-15 минут бұрын келеді, таза және ұқыпты болып жүреді, сыртқы киімдерін гардеробқа тапсырады, аяқ киімдерін ауыстырады, өз жұмыс орындарына барып сабакқа дайындалады.

1.2. Егер оқушы сабакты босатқан күні не себепті босатқаны туралы дәрігер анықтамасын немесе ата-анасынан жазбаща түсініктемені ұсынуы тиіс. Себепті жағдайлармен сабакты босатса (отбасылық жағдай, сайыстарға, жарыстарға қатысу) ата-ана өтінішін немесе мектептен тыс үйімнан құжатты әкелуі қажет. Себепсіз жағдайлармен сабакты босату, немесе сабакқа кешігіп келу бұзушылық болып есептеледі.

1.3. Мектеп оқушысында оқуға қажетті оқу құралдары, оқулыктар, дәптерлері, күнделігі болуы тиіс. Сабак кестесіне сәйкес оқушы үй тапсырмасын орындалп келуі міндетті.

1.4. Мектеп оқушысы үлкендерге, мектеп бойынша кезекшілік атқарып жүргендеге сыйластық танытуы қажет, кішіге қамқор болуы тиіс. Оқушы үлкендерге, жоғары сыннып оқушылары-кішкентайларға, ұлдар-қыздарға жол береді.

1.5. Оқушылар мектеп мүлігін сақтайды, жөндеу жұмыстарына белсенді қатысады.

1.6. Оқушылар қоғамдық-пайдалы жұмыстарға, мектеп кезекшілігіне, сондай-ақ сенбіліктерге қатысады.

Мектеп оқушысына рұқсат берілмейді:

- сабакқа кешігіп келу;
- дәлізде, баспалдақта тағы да басқа жерлерде ойнап-жүгірге болмайды;
- терезені ашуға, батарейге және терезенің үстіне отыруға болмайды себебі бұл оқушылардың өмірі мен денсаулықтарына қауіпті болып келеді;
- оқу қуралдарымен және мектеп сөмкесін лақтырып ойнауға болмайды;
- балағаттап, әдепсіз сойлеуге болмайды;
- оқу барысында мед.қызыметкердің, сынып жетекшінің немесе мектеп әкімшілігінің рұқсатының мектептен кетуге болмайды, сондай-ақ сабактарды себесіз босатуға болмайды.
- рұқсатсыз басқа сыныпқа қарауға болмайды;
- сабақ және емтихан барысында мектеп дәлізінде шулауға болмайды;
- бастаудың сынып оқушыларын немесе сыныптастарын кемсітуге, қорлық көрсетуге болмайды, дene зорлығын және төбелестерді болдырмау;
- мектепке және мектеп аумағына түрлі мақсатпен және түрлі амалмен қару-жарақты, жарылғыш немесе өртөнгіш заттарды қолдануға; ішімдік сусындарын, нашақор, тағы да басқа есендірететін заттарды, уландырғыш заттарды қолдануға және әкелуге болмайды;
- мектепке қымбат аппараттарды, бейнеплеерлерді, сондай-ақ қымбат металлдан және тастандан жасалған зергерлік бұйымдарды тасуға болмайды; бөгде адамдардың заттарын рұқсатсыз алуға, үйден алғып кету немесе тығып қоюға болмайды;
- мектепке ұялы телефон әкелуге тыйым салынады;

Жоғарыда аталған бұзушылықтар үшін оқушының атына келесі шаралар қолданылуы мүмкін:

- ата-аналарды мектепке шақырту;
- оқушыны құқық бұзушылық пен бақылаусыздықтың алдын алу профилактикасы Кенесіне шақырту;
- Жүйелі бұзушылықты орындау жағдайында - мектепішілік есепке қою;
- Әкімшілік кеңеске шақырту;
- Педагогикалық кеңеске шақырту;

Оқушының сыртқы киім келбеті:

Оқушының сырты киім келбеті ҚР Білім туралы заңының 47 бабы және 47 15-1 баптарына және ҚР ғылым және білім министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы бұйрығында орта білім беру үйимдарындағы міндетті мектеп формасына қойылған нормаларға сай болуы тиіс;

Қыздарға:

Көк немесе қара түсті костюм, юбка, ақ түсті блузка.

Ұлдарға:

Көк немесе қара түсті костюм-шалбар, ақ түсті көйлек.

ҚР білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы 26 бұйрығының 13 бөліміне сәйкес мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтеріне тыйым салынған.

Тыйым салынады:

Бас киім киіп жүргүре (хиджаб, орамал, тақия,.);

Киімге металдан жасалған жасалған әшекейлер, бижутериялар тағуға, діни элементтері бар алқа тағуға.

Сабактағы мінезд-құлыштары

3.1. Сыныпқа мұғалімнің кіруі кезінде оқушылар амандасады, мұғалім оқушылармен сәлесмдесіп болғаннан кейін рұқсат беріліп оқушылар отырады. Оқушылар сыныпқа кірген әр бір үлкен адаммен амандасып тұрады.

3.2.Әр бір мұғалім сабак өткізгенде КР-ның заңдарына, нормативтік құжаттар мен мектеп ережесіне қарама-қайшы келмейтіндей өз пәндері бойынша арнайы ережені анықтайды.

3.3. Сабак барысында шулауға болмайды, бөгде әңгімелесулер арқылы өзі және басқаларды оындармен және тағы да басқа сабакқа қатыссыз істермен аландатуға болмайды. Оқу уақыты тек қана оқу мақсаттарына қолданылуы тиіс.

3.4. Мұғалімнің (сынып жетекшінің) талабы бойынша күнделік ұсынылуы тиіс. Оқушы күнделікке жазуды ұқыпты орындауы қажет. Оқу аптасының соңында ата-аналар күнделікке өз қолдарын қоюлары тиіс. Сынып жетекші өткен апта үшін қол қояды.

3.5. Сабак барысында оқушыға шығу керек болған жағдайда қолын көтеріп мұғалімнің рұқсатымен шығады.

3.6. Егер де оқушы сұрақ қойғысы келсе немесе мұғалімнің сұрағына жауап бергісі келсе қолын көтереді. Мұғалім сабактың аяқталғаны туралы хабарлаған кезде, қонырау соғылғаннан кейін сынныптан шыға алады. Сыныптан мұғалімнің немесе басқа үлкен аданың шығуы кезінде оқушылар тұрады.

3.7. Сабакта міндетті тұрде сергіту сәті болуы тиіс.

Жоғарыда аталған ережелерді орындаған жағдайда келесі іс-әрекеттер қабылданады:

- Ата-аналарға хабарлау;
- Ата-аналарды мектепке шақырту;
- Әкімшілік кеңеске шақырту;
- Педагогикалық кеңеске шақырту;
- Оқушыны құқық бұзушылық пен бақылаусыздықтың алдын алу профилактикасы Кеңесіне шақырту;
- Жүйелі бұзушылықты орындау жағдайында - мектепшілік есепке қою;

Үзілісте және сабактан кейінгі тәртіптері:

4.1. Үзіліс барысындағы оқушының міндеті:

- жұмыс орнын тәртіпке және тазалыққа келтіру;
- сынныптан шығу;
- сынныпты желдету;

4.2 Сынныптағы кезекші:

- үзіліс кезінде сынныпта болады;
- сынныптағы тәртіпті қамтамасыз етеді, тақтаны, борды дайындайды;
- мұғалімге келесі сабакқа дайындалуға көмектеседі;
- сабак аяқталғаннан кейін сынныпты жина тырады.

4.3. Асханадағы мінезд-құлышқ тәртібі:

- оқушылар мұғалімдер мен асхана қызметкерлерінің талаптарын орындаиды;
- оқушылар ыстық және сұйық тамақты алу және қолдану барысында ұқыпты және сақ болуы қажет;
- оқушылар асханадағы салынған жетекшімен ғана барады;
- оқушылар асханадағы тамақ пен сусынды қолданады;
- оқушылар нанды және тағы да басқа тағам азықтарын лақтыруға болмайды;
- оқушылар өз ыдыстарын жина тырады;
- оқушылар асханадағы тағамды және жемістерді ғана қолдана алады.

4.4. Сабак, үйірме, факультатив, немесе түзету сабактары аяқталғаннан кейін мектептен кетеді, үйге бару жолында жол ережесін сақтайды.

4.5.Оқушылар үйірме, спорт секцияларына, қосымша сабактарғақатысу барысында сабакта отырулары қажет, үзіліс кезінде мектеп аумағынан кетуге, шылым шегуге болмайды.

VII. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері. (немесе заңды өкілдердің).

1.Ата –аналар(занды өкілдер) міндетті:

Балаларының тәртібіне, жалпы орта білім алудына және олардың (толық) орта білім алударына қажетті жағдай жасауға, оқушылардың сабакқа үнемі қатысын қадағалауға жауапты;

Оқушы туралы мәліметті, баланың сабакқа келмеу себебін мектепке уақытында хабарлауға;

Оқушының академиялық қарызын жоюды қамтамасыз етуге;

Баланың ойдағыдан білім мен тәрбие алудына қажетті құралдармен, оның ішінде спорттық киім, ауыстыратын аяқ киім, еңбек оқуына арналған киіммен қамтамасыз етуге;

Сынып және мектепшілік ата-аналар жиналышына қатысуға әкімшіліктің, педагогтың шақыртуымен келуге;

Заңнамаларда қарастырылған тәртіп бойынша, мектеп мұлкіне келтірген шығынды өтеуге;

Мектеп қызметкерлерінің құқығы мен еңбегін сыйлауға, олардың абыройын қолдауға;

Заңнама ережелерін, Жарғы мен Қағидалардың талаптарын орындауға;

2.Ата-аналар (занды өкілдер) құқығы:

-балалардың заңды құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауға;

-КР заңнамалары мен мектеп Жарғысына сәйкес мектепті басқаруға қатысуға ;

-мектеп Жарғысымен және басқа құқық белгілеуші, оқу барысының уақыт тәртібін ұйымдастырудың нормативтік құжаттармен , оның ішінде Ережелермен танысуға;

-оқу барысының ағымымен және мазмұнымен, оқушылардың көрсеткіштерімен танысуға;

-оқу үлгісін (экстернат, жеке оқыту) мектеп Жарғысына сәйкес педагогикалық кеңестік келісімі бойынша осы үлгілерді байланыстыра тандауға;

- (әкімшілік пен мұғалімдердің келісімімен) сабактарға және басқа да оқу мен окудан тыс жұмыстарға қатысуға;

-заңнама аясында сыныптың, мектептің дамуына өз еркімен қайырымдылық ретінде материалдық көмек көрсетуге;

-мектеп Жарғысы мен Ереже шарттарын орындауды талап етуге;

3.Жұмыс уақыты.

3.1. Мектепте алты күндік жұмыс уақыты мен бір

Демалыс күні белгіленеді.Басшылыққа, әкімшілік-шаруашылыққа, қызмет көрсетуші және қосалқы оқытушы қызметкерлерге жұмыс күнінің (ауысымның) ұзактылығы 40 сағаттық жұмыс аптасынан тұратын, жұмыс кестесімен белгіленеді.

Жұмыс кестесі көсіподақ органының келісімі бойынша және жұмыстың басталу және аяқталу уақыты, демалыс пен тамақтану үзілісі қарастырылып, директормен бекітіледі.

3.2. Демалыс күндері заңнамада қарастырылған жағдайлардан басқа кезде жұмысқа шығаруға тыйым салынады.

3.3. Жаңа оқу жылына педагог қызметкерлердің оқу жүктемесін қызметкер еңбек демалысына кетпей тұрып, көсіподжақ комитеттің келісімі бойынша мектеп директороры белгілейді.

Сонымен қатар:

А) педагог қызметкерлерде сыныптар мен оқу жүктемесінің күлемінің сабактастығын сақтап қалуға міндettі;

Б) Толық емес оқу жүктемесі қызметкерлердің келісімі бойынша жүзеге асады және ол жазбаша түрде көрсетілуі тиіс.

В) Мұғалімнің алған жүктемесінің көлемі оқу жылының аяғына дейін тұрақты түрде сақталады.

Оқу жүктемесі оқу жылының барысында тек, сағат саны немесе оқу бағдарламасында, оқу жоспарында сағат саны өзгергене жағдайда ғана өзгереді.

3.4. Мектеп әкімшілігі жұмыс уақытында педагог қызметкерлерді мектеп бойынша кезекшілікке тартады . Кезекшілік сабак басталудан 15 минут ерте басталып, сабак аяқталғаннан кейін 15 минуттан кейін аяқталады.Кезекшілік кестесі мектеп директорымен жарты жылға құрылады және бекітіледі.

3.5. Мұғалімдер үшін кезекті еңбек демалысы келмесе, күзгі, қысқы, көктемгі, сондай –ақ жазғы демалыс кезі жұмысч уақыты болып есептеледі.

Осы мерзімде , сондай -ақ мектепте сабак болмаған кезде олар заңмен белгіленгешен уақыттан аспайтын уавқытқа, мектеп әкімшілігімен педагогикалық ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмыстарына тартылады.Демалыс уақытында қосымша оқыту және қызмет етуші персоналы белгіленген жұмыс уақытының көлемінде арнайы білімді қажет етпейтін шаруашылық ісіне тартылады.

3.6. Педагогикалық кеңестер, директордың жанындағы кеңестер, әдістемелік бірлестік кеңестерінің уақыты екі сағаттан артық, секциялар- минуттан бір жарым сағатқа дейін ата –аналар жиналышы –бір жарым сағаттан аспауы тиіс.

VII. Мұғалім міндettтері:

Мұғалім қонырау соғысымен сабакты бастауға және аяқтауға, оқу уақытын бос жұмсамауға тиіс.

3.8. Әр сағатқа және сыйып сағатына күнтүзбелік жоспары болуы керек.

3.9. Оқу жүктемесіне қарамастан, мұғалімдер мен оқушыларға жоспарланған барлық іс-шараларға қатысуға.

3.10. Әр оқу тоқсанының бірінші күні немесе бірінші білім күні ағымдағы жылдың тақырыптық жоспары болуға.

3.11. Мектеп директоры орынбасарларының өкімін уақытында орындауға.

3.12. Мектеп директорының барлық бүйрықтарын сөзсіз орындауға, бүйрықпен келіспеген жағдайда еңбек дауы бойынша комиссиясына шағымдануға.

3.13. Сынып жетекшісі кесте мен тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес аптасына бір рет тәрбие сағатын өткізуге міндettі. Тәрбие жұмысының жоспары жылына бір рет жасалады.

3.14. Сынып жетекшісі оқу жоспарынав сәйкес сыныппен сабактан тыс тәрбие жұмысымен айналысуға, сондай-ақ оқу жылында төрт реттен кем емес ата-аналар жиналышын өткізуге.

3.15. Сынып жетекшісі аптасына бір рет оқушылардың күнделіктегі баға қорын тексеруге міндettі.

3.16. Педагогикалық және басқа да қызметкерлеріне тыйым салынады.

Өз білгені бойынша савбақ және жұмыс кестесін өзгертуге;

Сабақ және қонырау ұзақтығын қысқартуға немесе ұзартуға;

Оқушыны сабактан шыгарып жіберуге;

Мектеп бөлмелерінде темекі шегуге.

3.17. Бөгде адамдарға мектеп директорының рұқсатымен және мұғалімдердің келісімімен сабаққа қатысуға рұқсат етіледі. Сабақ басталғаннан кейін сынның кірге ерекше жағдайларға ғана мектеп директоры мен оның орынбасарлары рұқсат етіледі.

Сабақ барысында оқушылардың көзінше педагог қызметкерлердің жұмысы жөнінде ескерту жасауға болмайды.

3.18. Науқастануына байланысты жұмысқа шықпаған жағдайда барынша ертерек әкімшілікке хабарлауға, сондай –ақ жұмысқа шықкан күні жұмысқа жарамсыздық парагын әкелуге.

Мектеп бөлмелерінде рұқсат етінлімейді:

Сырт киіммен және бас киіммен жүргуге;

Сабақ уақытында дәлізде қатты сөйлеуге және шулауға;

4. Жұмыстағы табысы үшін көтермелеу

Міндeterін өнегелі орындағаны, жұмыстағы жаңашылдығы және басқа жетістіктері үшін көтермелеу қолданыладв:

Алғыс жариялау;

Мұғалім туралы мектеп сайтына жариялау, Құрмет тақтасына енгізу;

Атестаттау қорытындысы бойынша Құрмет грамотасымен, «Оқу үздігі», Алтынсарин белгісімен марапаттау туралы; «Оқу үздігі», «ҚР еңбек сінірген ұстазы» атағына ұсыну, орденмен және медальмен марапаттау.

Көтермелеу әкімшілікпен бірге немесе мектептің кәсіподақ органының келесі бойынша беріледі.

Көтермелеу директордың бүйрекімен жарияланады, бүкіл ұжымға мәлімдемені және қызметкерлердің еңбек кітапшасына енгізіледі.

5. Еңбек тәртібін бұзғандығы үшін жауапкершілік.

5.1. Жүктелген міндettері қызметкерлердің кінәсінен орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны, яғни еңбек тәртібінің бұзылғандығы тәртіптік жаза қолдануға әкеп соқтырады.

- А)ескерту;
- Б)сөгіс;
- В)қатаң сөгіс;
- Г)қоғамдық шараны қолдануға ықпал ету;
- Д) жұмыстан босату.

5.2 Тәртіптік жазғаны қолдану әкімшілікке берілген құқығының шегінде жүргізіледі. Еңбек тәртібінің бұзылғандығының әрқайсысына тек бір ғана тәртіптік жаза қолданылады.

5.3. Жазалауды қолданbastan бұрын тәртіп бұзушыдан жазбаша түрде түсініктеме талап етілуі тиіс. Қызметкердің түсініктеме жазудан бастартуы жаза қолдануға бөгет бола алмайды.

Педагог қызметкердің кәсібі тәртіп ережесін немесе мектеп Жарғысын бұзғандығы туралы жазбаша түрде шағым түссе ғана, тәртіптік зерттеу жүргізіледі. Көшірмесі педагог қызметкерлерге берілуі тиіс .

Еңбек тәртібін бұзғаны анықталған күннен бастап, науқастанған және еңбек демалысы уақытын есептемей, бір айдан кешіктірмей жаза қолданады. Еңбек тәртібін бұзған күннен алты ай кешіктірілсе жаза қолдана алмайды.

5.4. Жаза мектеп бойынша бұйрықпен жарияланады. Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық оны қолдануға түрткі болған себеп көрсетіле отырып, қызметкерге қол қою арқылы үш күннің ішінде жарияланады. (хабарланады)

5.5. Қызметкерлерге жаза қолдану мерзімі аяқталғанға дейін көтермелеге шаралары қолданылмайды.

5.6. Егер қызметкер жарты жыл ішінде жаңа тәртіп бұзушылыққа жол бермесе , автоматты түрде жазасы алынып, тәртіптік жаза қолданылмаған болып есептеледі. Мектеп директоры тікелей басшысының немесе еңбек үжымының өтініші бойынша, жаңа тәртіп бұзушылыққа жол бермесе және еңбегіне адал көзқарас танытса өзі қолданған жазаны мерзімінен бұрын алғып тастауға құқылы.

5.7. Тәртіптік жазалау ретінде жұмыстан шығары еңбек шартымен (ішкі тәртіп Ережесімен және мектеп Жарғысымен) оған жүктелген міндеттерін дәлелді себептерсіз қызметкердің жүйелі түрде орындағаны үшін, егер оған бұрын да тәртіптік жазалау шаралары қолданылған болса ,сондай –ак дәлелді себептерсіз қыдырымпаздыққа жол берсе (оның ішінде жұмыс күні барысында жұмыс орнында үш сағаттан астам болмағандығы үшін) жұмысқа мас күйінде, есірткі немесе уытты заттар қолданып келсе жүргізуі мүмкін.

5.8. Оқушыларға қатысты қол жұмсау, жұмыс орнына қатысты болмаса да қоғамдық тәртіпті бұзу, педагогтың қоғамдық жағдайына сәйкес келмейтін, басқа да адамгершілік ережелерін бұзу адамгершілікке жатпайтын қылықтар болып саналады.

Білім беру ұйымдарына алып кіруге және қолдануға болмайтын заттардың тізімі.

1. Қарулар

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б.);
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастыруышы бөлігі (оптикалық құрылғылар/ көздеуіштерден басқа);
- газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- шеге қағу мен болттарды ұстаратын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапульталар, сұңгілер және найзалы құралдар;
- жануарлардың жаңынан дыбысаруға арналған құралдар;
- мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
- травматикалық және жарық-дыхыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
- электрошокты құрылғылар.

2. Қадалғыш/ кескіш қарулар мен өткір заттар

- балталар, сұңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);
- қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
- скальпелдер;
- металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;
- бұрандылар;
- тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктелмелі жолға арналған пышақтар;
- бекіністік құрал-саймандар.